

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
мен Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің «Балалар мен
жасөспірімдер туризмі және өлкетану федералдық орталығы» балаларға
қосымша білім беру Федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру
мекемесінің арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК директорының міндетін атқарушы Шер Раиса Петровна мен Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің «Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану федералдық орталығы» балаларға қосымша білім беру Федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің директоры Бостанджогло Михаил Михайловичтің, аталған «Тараптар» арасында жасалған ынтымақтастық туралы осы Меморандум балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту сұрақтары бойынша болашақта ынтымақтастыққа екі жақ келісім беріп келесіні атап айтады.

Тараптар келесі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады:

- балалар, жасөспірімдер және жастар туризмі мен өлкетануды дамыту саласында тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;
- тараптар жағынан өкілдерді жұмылдырып, балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану саласында іс-шаралар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференцияларды ұйымдастыру және өткізуге қатысу;
- балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану саласында зерттеушілік, талдау және ақпараттық жобалар туралы ақпараттармен алмасу;
- оқу-әдістемелік, ақпараттық және басқа да тақырыптық жұмыстар мен материалдарды баспа құралдарында жариялау және Тараптардың веб-сайттарында оларды орналастыру;
- тараптар өткізген тақырыптық іс-шаралар, сондай-ақ үшінші жақ өткізген, екі тараптың біреуі қатысатын іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;
- туристік-өлкетану бағыты бойынша қосымша білім беру жүйесінің педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға және өткізуге ықпал көрсету.

Осы Меморандумдағы ережелерді орындауға қатысты сұрақтар бойынша екі жақтың сұраныстары бойынша Тараптар кеңес береді.

Осы Меморандумға өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, жазбаша түрінде ресімделеді және Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум екі Тараптың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың бірдей келісімі немесе бір тараптың өтінімі бойынша 30 күннен бұрын алдын ала ескертіп, оны бұзған күнге дейін күші бар.

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің «Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану федералдық орталығы» БҚББ ФМБББМ балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетануды дамыту саласындағы өнімді ынтымақтастық бойынша жоғарыда көрсетілген іскерлік ынтымақтастық міндеттерді өздеріне алғандарын растайды.

Осы Меморандум 2014 жылғы 20 қарашада Астана қаласында екі Тарапқа бір данадан, қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңдық күші бар екі данада жасалды.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
Республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорын



_____ **Р. Шер**
_____ **2014 жыл**

Ресей Федерациясы
Білім және ғылым министрлігінің
«Балалар мен жасөспірімдер
туризмі және өлкетану
федералдық орталығы»
балаларға қосымша білім беру
Федералдық мемлекеттік
бюджеттік білім беру мекемесі



_____ **М. Бостанджогло**
_____ **2014 жыл**